

Қазтұтынуодағы

ҚарУ ЭБҚК

АНЫҚТАМАЛЫҚ-БАҒДАРШАМЫ

2026-2027 оқу жылы

МАЗМҰНЫ

Қазтұтынуодағы ҚарУ ЭБҚ колледжі тарихы..... 3

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері..... 6

Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студентінің ар-намыс кодексі..... 7

Университет және колледж құрылымы 9

Колледжде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары..... 11

Қазтұтынуодағы ҚарУ ЭБҚ колледжі оқу ақысын төлеу тәртібі..... 12

Қазтұтынуодағы ҚарУ ЭБҚ колледжі студенттеріне көрсетілетін қаржылай көмек..... 13

Кітапхана 13

Университет пен ЭБҚ колледжінің спорт секциялары мен шығармашылық бірлестіктері..... 18

Сіздің тәлімгеріңіз – топ жетекшілері..... 21

Оқу нәтижелерінің жетістіктерін бағалау, біліктілік емтиханы..... 22

Қорытынды аттестаттау туралы және..... 27

Үздік диплом..... 28

Мемлекеттік шәкіртақы тағайындау және төлеу тәртібі 29

Оқудан шығару..... 29

Студентті ауыстыру және қайта қабылдау тәртібі..... 30

ЭБҚ колледжінің студенттерідің оқу тәртібі мен жүктемесі туралы ережесі..... 32

Кәсіптік тәжірибе..... 35

Мемлекеттік қызметтер..... 36

Қорытынды 37

Қоңыраулар кестесі..... 38

Қосымша сабақтардың тізімі..... 38

ЭКОНОМИКА, БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ КОЛЛЕДЖІ ТАРИХЫ

Қарағанды университеті білім беру қызметі нарығында 50 жылдан аса жұмыс істейді. Экономика, бизнес және құқық колледжі Қаздұтынуодағы Қарағанды университетінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Қаздұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті (бұрынғы Қазақ тұтыну кооперациясы университеті, бұрынғы Қарағанды кооператив институты) 1966 жылғы 22 наурыздағы №125 КСРО Министрлер Кеңесінің Қаулысы негізінде 1966 жылғы 9 маусымдағы №84 Центросоюз Басқармасының Қаулысымен құрылған болатын.

1997 жылғы 5 шілдедегі Қаздұтынуодағы Басқармасының Қаулысымен Қазақтұтыну кооперациясы институты Қаздұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті (ҚҚЭУ) болып құрылды.

2021 жылғы 6 қаңтарында Қаздұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті (ҚҚЭУ) Қаздұтынуодағы Қарағанды университеті қаулысымен «ҚР кооперативтік ұйымдарының облыстық (өнірлік) бірлестіктерінің Қауымдастығы (QazCOOP – Қаздұтынуодағы)» ЗТБ болып құрылды.

Колледж университеттің құрамына оның құрылымдық бөлімшесі ретінде 2001 жылы енгізілді. Ол Орталық Қазақстан өңірінде тарихы 1957 жылы кооперативтік училище негізінде басталған есептік-технологиялық колледж ретінде жақсы белгілі. 1957 жылы ұйымдастырылған кооперативтік училище 40 жылғы қызметі ішінде Қазақстанның тұтыну кооперациясы үшін бірнеше мыңдаған кәсіпқой маман даярлап шығарды.

Колледж мамандықтары қатарын кеңейту және оның мәртебесін өзгерту колледж атауының өзгеруіне әкеп соқты, бұл мамандарды даярлау ерекшеліктерін анағұрлым толығырақ қамтып көрсете бастады. Университет Ғылыми кеңесінің қаулысымен 2002 жылы колледждің атауы «Қаздұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжі» болып өзгертілді.

Қаздұтынуодағы ҚарУ ЭБҚ колледжі – Қарағанды өңірінде техникалық және кәсіптік білім мамандарын даярлау бойынша білім беру қызметтері нарығында жетекші орында тұрған колледждердің бірі. Қарағанды облысында 2024–2025 оқу жылында 54 колледж қызмет атқарып, жалпы контингенті 45 325 адамды құрады. Мемлекеттік және жекеменшік колледждер арасында 2024–2025 оқу жылында қабылданған студенттер саны бойынша – ЭБҚ колледжі облыс бойынша 4-орында орналасқан (өткен жылы – 7-орын). Жалпы білім алушылар контингенті бойынша колледж облыстағы колледждер арасында 6-орында. Қаздұтынуодағы Қарағанды университетінің Экономика, бизнес және құқық колледжі нарықтық қатынастар, менеджмент және маркетинг, бизнес пен кәсіпкерлік, бухгалтерлік есеп пен аудит, құқық, ақпараттық технологиялар және басқа да бағыттар бойынша білімге ие мамандарды даярлайды.

2023 жылғы ақпанда колледж 11 білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік аттестаттаудан өтті: 04120100 Банк және сақтандыру ісі, 04140100 Маркетинг (салалар бойынша), 04130100 Менеджмент (салалар және қолдану салалары бойынша), 10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру, 04210100 Құқықтану, 06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша), 09230100 Әлеуметтік жұмыс, 07880100 Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша), 07211300 Тамақ өнімдерін өндіру технологиясы, 10150100 Туризм, 04110100 Есеп және аудит.

2023–2024 оқу жылында колледждің 41 білім беру бағдарламасы «Talap» КЕАҚ тізіліміне енгізіліп, тіркеу нөмірі мен QR-коды берілді. 2024–2025 оқу жылында қосымша тағы 5 бағдарлама жүктелді. Осылайша, жалпы саны 46 білім беру бағдарламасын құрайды.

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша колледждің 56 білім беру бағдарламасы сараптамадан сәтті өтіп, «Талап» КЕАҚ Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілді.

2026 жылы 10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы, 3W10130301 «Кондитер-әшекейлеуші» біліктілігі бойынша орыс тілінде әзірленген білім беру бағдарламасы сараптамадан өтті. Сараптама нәтижелері бойынша білім беру бағдарламасы «Талап» КЕАҚ Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілді.

Колледжде жоғары білікті мамандардан құралған педагогикалық ұжым жұмыс істейді. Оның құрамында «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» біліктілік санаттарына ие оқытушылар, магистрлер, сондай-ақ университеттің доценттері мен ғылым кандидаттары қызмет атқарады.

Колледжде берілетін білім мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Оқу процесі оқытудың ең жаңа технологияларын қолдану арқылы құрылған. Сабақ барысында оқытушылар әр түрлі техникалық оқыту құралдарын: бейнепроекторлар, бейнемагнитофондар, теледидарлар қолданады. Колледж компьютерлік техникамен жеткілікті түрде жабдықталған, студенттерге «Интернет» жаһандық желісін қолдану мүмкіндігі беріледі. Колледжде сабақтарды жүргізуге арналған мамандандырылған кабинеттер мен зертханалар бар. Колледж студенттері университет және колледж оқытушылары әзірлеген оқулықтармен және оқу құралдарымен, электрондық оқулықтармен қамтамасыз етілген.

Қазтұтынуодағы ҚарУ және колледждің материалдық-техникалық базасы бірыңғай оқу кешені болып табылады. Оқыту процесі студенттер қалашығы қағидасы бойынша ұйымдастырылған.

Тәрбие жұмыстары студентің тұлға ретінде кәсіби, зияткерлік және әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті азамат және өз елінің патриоты ретінде қалыптасуы, дамуы, өзін-өзі танытуы және әлеуметтенуі үшін оңтайлы жағдайлар туғызуға бағытталған. Білім алушылардың патриоттық, рухани және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру колледж студенттерінің бүкіл оқу кезеңі үшін тәрбие жұмысының Перспективалық кешенді жоспарына сәйкес жүргізіледі.

ЭБҚ колледжі Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасында айқындалған мақсаттарға сәйкес жұмыс істейді.

2025 жылғы 25 ақпандағы жаңартылған мемлекеттік лицензияға сәйкес колледжге ТжКББ бағдарламалары бойынша 11 мамандықта күндізгі және сырттай оқу түрлері бойынша білім беру қызметін жүзеге асыру құқығы берілді. Колледжде жүзеге асырылатын мамандықтар университеттің білім беру бағдарламаларымен үйлестірілген, бұл колледж түлектеріне өздерінің білім беру траекториясын құруға мүмкіндік береді.

Колледж түлектері мемлекеттік үлгідегі диплом алады, оқыту екі тілде – мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Колледждің университет корпусында орналасуы болашақ студенттерге студенттік ортаға оңай бейімделуге мүмкіндік туғызады, сонымен қатар оған колледж бен университеттің бірыңғай оқу-тәжірибе шараларын өткізуге ықпал етеді.

Мекен–жайымыз: 100009, Қарағанды қ., Академическая көш. 7. Университетке дейін: № 19, 44 автобустар, № 30, 31 маршруттық таксилермен жетуге болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген. Ол – елтаңбаның жүрегі іспеттес. Шаңырақ әлемнің біртұтастығын, мемлекеттің бастауы - отбасы ошағын бейнелейді. Шаңырақты айнала уықтар шаншылған. Олар күн сәулесіндей жарқырайды. Екі жағын аңыз ертегілеріндегі пырақтардың қанаттары көмкеріп тұр. Қанатты пырақ - мәңгілік өмір, шексіз даму және Қазақстан секілді бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан халықтардың рухани байлығын көрсетеді.

Елтаңбаның маңдайшасында бес бұрышты жұлдыз бар. Ол - мемлекеттіміздің «бағымыз ашылып, жұлдызымыз жарқырай берсін» деген асыл арманын арқалап тұрғандай. Төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Реңдік бейнесі - алтын және көгілдір түсті. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының көшірме бейнесі, оның өлшемдеріне қарамастан ҚР Президенті Резиденциясында сақтаулы ҚР Мемлекеттік елтаңбасының түрлі-түсті немесе ақ-қара бейнесіне сәйкес келуі қажет.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы – тік бұрышты, ені – 1 метр, ұзындығы – 2 метр көгілдір мата. Көгілдір түс – бейбітшіліктің, тыныштықтың, жарқын болашақтың және ашық аспанның нышаны. Тудың ортасында жарқырап шыққан шұғылалы күн орналасқан. Бұл – бейбітшіліктің белгісі. Күннің астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнеленген. Дала құсы – дарқандық пен қырағылық және биікке самғау белгісі. Тудың сол жағында қазақ халқының ұлттық өрнегі бейнеленген. Өрнек қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін және ұлттық өнерін білдіреді.

Күн, қыран құс және өнрек алтын түспен берілген. Алтын түс – молшылықтың, байлықтың, құт-берекенің белгісі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының көшірме бейнесі, оның өлшемдеріне қарамастан ҚР Президенті Резиденциясында сақтаулы ҚР Мемлекеттік туының түрлі - түсті немесе ақ-қара бейнесіне сәйкес келуі қажет.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні

Алтын күн аспаны, Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны, Еліме қарашы!
Ежелден ер деген, Даңқымыз шықты ғой,
Намысын бермеген,Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім! Туған жерім менің - Қазақстаным!
Ұрпаққа жол ашқан,Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты, Мәңгілік
досындай.
Біздің ел бақытты,Біздің ел осындай!

СТУДЕНТІНІҢ
АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің және Экономика, бизнес жіне құқық колледжінің студенттері өздерінің жоғары оқу орны жүйесіндегі басты мақсаттарын жүзеге асыру және жауапкершіліктерін түсіну – жеке тұлғаның мәдениетінен хабардар және кәсіби дайындық, потенциалының әлемдік көзқарасқа ие болуы, жасампаз ойлау мүмкіндігі, мамандықтары бойынша тұрақты құзіреттілікті иеленуді өзінің парызы деп есептеп және басқарудың корпоративті қағидаларының дамуы, осы ар-намыс кодексінің жауапкершілігін міндеттенеді және мүлтіксіз орындалуына атсалысады.

1. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті Қазақстан Республикасының лайықты азаматы болуға, таңдаған мамандығының кәсіби шебері болуға, өз бойындағы шығармашылық қасиеттерді дамытуға ұмтылады.

2. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті білім берудің және білімді бақылаудың барлық түрлеріне адалдықпен қарайды, білім берудің барлық қабылданған стандарттарын сақтайды.

3. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті академиялық теріс әдеттердің барлығымен күресуді өзінің міндеті деп санайды:

- білім сапасын бақылау барысында көшіріп алуға және басқалардан көмек сұрауды;
- көлемі жағынан әр түрлі дайын оқу материалдарын (рефераттарды, курстық, бақылау және дипломдық және басқа да жұмыстарды), ғаламтор-қорынан алынған еңбектерді өз атынан беруді;
- туыстық немесе қызметтік қатынастырды пайдалана отырып жоғары баға алуды;
- сабақты себепсіз босату, сабаққа кешігіп келуді;
- сабақ барысында ұялы телефонды, музыка тыңдауға және компьютерлік ойындар ойнауға аранлған басқа да техникалық құралдарды пайдалануды.

Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті аталған академиялық теріс әдеттердің барлығы сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуға, Қазақстанның болашақ бетке ұстар экономикалық және саяси басқаруға лайықты маман болуына сәйкес келмейтіндігін білуі тиіс.

4. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті:

- Қазтұтынуодағы ҚарУ атынан университет аумағында өткізілетін шараларды жүзеге асыру барысында саяси дұрыс көзқарасын ұстанады;
- басқа студенттермен карым-қатынас барысында студенттік этика мен іскерлік тәртіп ережелерін сақтайды;

- өзге халықтардың салт-дәстүрлерін құрметтейді, олардың мәдени және басқа да этникалық ерекшеліктерімен санасып, толеранттықты сақтап, әлеуметтік топтары мен діни ерекшелігіне қарай бөлмейді.

- сырт келбеті, мінез-құлықта және ойларда ұқыпты болу, зайырлы ережелер мен жалпы қабылданған іскерлік этикет ережелерін сақтау, оның ішінде оқу орнының ішінде сай киім және бас киім кию (діни сипаттағы бас киім кию)тәртібін сақтау.

5. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті жатақханада өзімен бірге тұратындармен және әкімшілікпен түсіністік және қарым-қатынаста болуы қажет.

6. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті оқытушылармен, қызметкерлермен, университет әкімшілігі өкілдерімен сыпайыгершілік қатынаста болып, әдепсіздік және дөрекі қылық көрсетпейді.

7. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студентіне жеке тұлғаны қорлайтын сөздер айтуға тыйым салынады.

8. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті университеттік қоғамдастықта жоғары академиялық мәдениетті, сенім мен өзара сыйластықты сақтауға, болған кикілжіңді бейбіт жолмен шешуге тырысып, басқа студентке зорлық-зомбылық қолдануға жол бермеуі тиіс.

9. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті Қазтұтынуодағы ҚарУ студенттік қауымдастығы атына және беделіне нұсқан келтіретін кері әсерлі қылықтардан аулақ болуы тиіс. Жанжал жағдайларына, төбелеске қатысқан жағдайда студент оқу орнынан шығарылады.

10. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті салауатты өмір салтын ұстанады және зиянды әдеттерден (темекі шекпейтін темекі өнімдерін (насвай) пайдалану, темекі шегу (электронды темекі/вейп (IQOS, glo, Juu және т.б.), кальян) университет, колледж аумағында да, одан тыс жерлерде де бас тартады.

11. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті оқу орнының дәстүрлерін құрметтейді, оның мүлкін күтіп ұстайды, студенттің Үйінде тазалық пен тәртіпті сақтайды;

12. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті студенттік өзін-өзі басқару жүйесін нығайтуға, студенттік шығармашылық белсенділікті дамытуға (ғылыми-білім беруде, спортта, шығармашылықта және т.б.), жоғары оқу орнының корпоративтік мәдениеті мен имиджін көтеруге бағытталған кез келген іс әрекетті қажетті және пайдалы деп санайды.

13. Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚК студенті жалпы ұйымдастырушылық мәселелер мен оқу үрдісінде өз пікірін білдіруге, осы Кодекс ережелері бұзылған жағдайда оны талқылауға қатысуға құқылы.

14. Студенттік өзін-өзі басқару органдары бөлімдерде және колледжде осы Кодексті бұзушыларға моральдық жаза қолдануға құқылы, олар: қоғамдық айыптау, студенттік өзін-өзі басқару қызметіне катысу құқығынан уақытша айыру. Осындай жаза қолдану шараларын әр бөлімнің студенттік өзін-өзі басқару органдары өздері шешеді.

Осы Кодекс нормаларын өзімізге қабылдай отырып, оны бұзу Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің және Қазтұтынуодағы ҚарУ Экономика, бизнес және құқық колледжі студентінің ар-намысына, қадір–қасиетіне және студент атағана нұқсан келтіретініне толық есеп береміз.

УНИВЕРСИТЕТ ЖӘНЕ ЭБҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазтұтынуодағы ҚарУ-дің:

- 4 жатақханасы
- қоғамдық тамақтандыру кешені
- медициналық қызмет көрсету
- демалыс аймағы
- оқу – сауықтыру базасы
- спорт залы бар.

Қазтұтынуодағы ҚарУ-де студенттердің Мәдениет Сарайы жұмыс істейді, университет пен колледждің түрлі шығармашылық бірлестіктері, мультимедиялық сыныптары бар әмбебап кітапхана, ақпараттық – білім беру орталығы, оқу-теледидар орталығы соның құрылымына кіреді.

Экономика, бизнес және құқық колледжі:

Директор

Директорлың оқу- әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

Директорлың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

IT-технологиялар жөніндегі директордың орынбасары

Оқу бөлімінің меңгерушісі

3 бөлім:

- ✓ «Экономика және технологиялар» бөлімі
- ✓ «Құқық және сервис» бөлімі
- ✓ «Бизнес және басқару» бөлімі

5 пәндік циклдік комиссия

- ✓ экономика және IT-технологиялар ПЦК
- ✓ құқықтық пәндер ПЦК
- ✓ туризм және бизнес ПЦК
- ✓ технологиялық пәндер ПЦК
- ✓ Жалпы білім беретін пәндер ПЦК

каб №	ТАӘ	Лауазымы	Телефон
311	Кудайбергенова Салтанат Кайруллаевна	ЭБҚ колледжінің директоры	44-16-21 (ішкі 105)
319	Оспанова Гульнара Сериковна	Колледж директорының оқу- әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары	44-16-41 (ішкі 124)
313	Николаева Карина Александровна	Колледж директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	
317	Темирбеков Нариман Кемелбаевич	IT-технологиялар жөніндегі директордың орынбасары	
318	Ныгметова Шынар Талаповна	Оқу бөлімі меңгерушісі	
321	Айткалиева Балауса Рамазанкызы	Экономика және технологиялар бөлімінің меңгерушісі	
322	Туранова Карина Куандыковна	Педагог-психолог	
323	Утешева Зайдагуль Советовна	Құқық және сервис бөлімінің меңгерушісі	
315	Байжанова Бибигуль Мейрамовна	Бизнес және басқару бөлімінің меңгерушісі	
320	Бекмағамбет Салтанат Ерланқыз	Кәсіптік бағдар беру жұмысы жөніндегі менеджер	
	Макеева Оксана Яковлена	Тәжірибе және еңбекке орналастыру жөніндегі әдіскер	
316	Қуатжан Аружан Русланқызы	Оқу бөлімінің диспетчері	
	Дамыс Аяулым Дамысқызы	Оқу бөлімінің диспетчері	
314	Бименова Айгуль Альжановна	Методист	

	Макимова Айжан Газизкызы	Методист	
311 қабылдау бөлме	Айтенова Асия Алмасқызы	Студенттердің жеке ісін жүргізу инспекторы, лаборант	
Медициналық пункт 1-қабатта орналасқан.	Куклина Виолета Николаевна	Медициналық пункттің фельдшері	
Пәндік циклдік комиссиялар			
008	Омирбаева Аймангуль Омирзаховна	Құқықтану пәндері ПЦК төрағасы	44-16-41
210	Карлова Лариса Викторовна	Экономика және IT-технологиялар ПЦК төрағасы	
316у	Джаужанова Майя Магдатовна	Технологиялық пәндер ПЦК төрағасы	
308	Бондарева Нина Александровна	Туризм және бизнес ПЦК төрағасы	
314	Бименова Айгуль Альжановна	Жалпы білім беретін пәндер ПЦК төрағасы	

Қазтұтынуодағы ҚарУ ЭБҚ колледжінде жүзеге асырылатын білімберу бағдарламалары 2026-2027 оқу жылында			
№ р.с.	**Мамандық шифры**	**Мамандық атауы**	**Берілетін біліктілік**
1.	04210100	Құқықтану	Заңгер (орта буын маманы)
2.	10130300	Тамақтануды ұйымдастыру	Аспазшы (білікті жұмысшы кадрлар) Технолог (орта буын маманы)
3.	10150100	Туризм	Туристік агент (білікті жұмысшы кадрлар) Туризм менеджері

			(орта буын маманы)
4.	04140100	Маркетинг (салалар бойынша)	Мерчендайзер (білікті жұмысшы кадрлар) Маркетолог (орта буын маманы)
5.	04130100	Менеджмент (қолдану салалары бойынша)	Менеджер (орта буын маманы)
6.	04120100	Банк және сақтандыру ісі	Сақтандыру агенті (білікті жұмысшы кадрлар), Банк операциялары жөніндегі менеджер (орта буын маманы),
7.	04110100	Есеп және аудит	Бухгалтер-кассир (білікті жұмысшы кадрлар) Бухгалтер (орта буын маманы) Есеп және аудит бойынша қолданбалы бакалавр (кәсіптік орта білімнен кейінгі білім)
8.	07880100	Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)	Стандарттау жөніндегі техник (орта буын маманы)
9.	07211300	Тағам өндірісінің технологиясы	Тамақ жартылай фабрикаттарын дайындау желісі операторы (білікті жұмысшы кадрлар) Техник-технолог (орта буын маманы) Тамақ өнімдерін өндіру технологиясы бойынша қолданбалы бакалавр (кәсіптік орта білімнен кейінгі білім)
10.	06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	Web-дизайнер (білікті жұмысшы кадрлар) Ақпараттық жүйелер технигі (орта буын маманы) Бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша қолданбалы бакалавр (кәсіптік орта білімнен кейінгі білім)
11.	09230100	Әлеуметтік қызмет	Әлеуметтік қызметкер жөніндегі маман (орта буын маманы)

Қазтұтынуодағы ҚарУ ЭБҚ колледжінің оқу ақысын төлеу тәртібі

Күндізгі бөлімге, оның ішінде және сырттай оқыту бөліміне оқуға түсушілер құжат тапсырған кезде абитуриенттің жазбаша өтінішіне сәйкес, жылдық оқу ақысының 30 пайызынан 50 пайызына дейінгі соммасын төлеуі керек; бұл жағдайда жылдық сомманың 50 пайызын - оқу жылының 01 қарашасына дейін, қалған соманы емтихан сессиясына дейін төлеуі тиіс.


2,3,4 курс студенттері жылдық оқу ақысының 30 пайызынан 50 пайызына дейінгі сомасынстуденттің жазбаша өтінішіне сәйкес төлеуі керек; бұндай жағдайда жылдық сомманың 50 пайызын - оқу жылының 01 қарашасына дейін, қалғанын емтихан сессиясына дейін төлеуі тиіс.

Қазтұтынуодағы ҚарУ ЭБҚ колледжі білім алушыларға көрсетілетін қаржылай көмек

«Қазтұтынуодағы ҚарУ ЭБҚК студенттеріне қаржылай көмек көрсету туралы ереже» негізінде келесі категориядағы студенттердің оқу ақысына жеңілдік жасалады:

- балалар үйінде тәрбиеленбеген, жетім студенттерге, қорғаншылық пен қамқоршылығы бар студенттерге;
- бала кезінен мүгедек-студенттерге және I, II, III топ мүгедектеріне;
- Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚ колледжінде оқитын бір отбасының екі және одан да көп студенттеріне, егер «жақсы» және «үздік» оқитын болса;
- әлеуметтік тұрмысы төмен және көпбалалы отбасынан шыққан студенттерге, егер «жақсы» және «үздік» оқитын болса;
- Қазтұтынуодағы ҚарУ және ЭБҚ колледжі оқытушыларының балаларына, олардың еңбек өтіліне сәйкес;
- соғыс ардагерлері мен мүгедектері балаларына (оның ішінде Ауғанстанда интернационалдық борышын атқарғандардың);
- «үздік» және «жақсы» бағаға оқып, оқу, ғылым, қоғамдық және спорттық салаларда белсенділік танытқан, өз жетістіктері арқылы университет пен колледж мәртебесін насихаттаушы студенттерге.

УНИВЕРСИТЕТ КІТАПХАНАСЫ



Қазтұтынуодағы ҚарУ кітапханасы – Қазақстанның жоғары оқу орындары Қауымдастығының мүшесі, Қазақстан кітапханалары Ақпараттық Консорциумының мүшесі. ҚЭУ кітапханасы – қор құрамы бойынша үздік жоғары оқу орындары кітапханасының бірі. Оған барлық білім салалары бойынша ғылыми, оқу, анықтамалық әдебиеттер, нормативтік құжаттар, мерзімді басылымдар, бейнефильмдер, CD-ROM оқулықтары кіреді. Сирек кітаптар қоры бөлінген (19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басындағы әдебиеттер). Кітапхананың жалпы қоры 800 мың данадан асады. Электронды басылымдардың қоры – 700 атаудан артық. Жыл сайынғы мерзімді басылымдардың түсуі – 200 атаудан асады.

Сіздерге қызмет көрсетеді:

• оқулықтар және оқу - әдістемелік әдебиеттер **абонементінде** Сіз оқулықты үйге ала аласыз;

• көркем әдебиеттер және өнер жайлы әдебиеттер **абонементінде** Сіз: **көркем әдебиеттерді – үйге** (кітапханашы көрсеткен мерзімге); **өнер жайлы әдебиеттерді – оқу залынан** ала аласыз;

Әдебиеттер абонементінде мынадай мерзімдерге үйге алуға беріледі:

1) Саны жеткілікті данадағы оқу әдебиеттері шектеусіз оқу жылына беріледі;
2) Кітапханада саны шектеулі оқу әдебиеттері 10 күн мерзімге беріледі;
3) Ғылыми әдебиеттер 2-3 кітап санында 5 күнге дейінгі мерзімге беріледі;
4) Көркем әдебиет 2-3 кітап санында 15 күнге дейінгі мерзімге беріледі;
5) Мерзімді басылымдар, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, нормативтік құжаттар үйге алуға берілмейді;
6) Егер материалға сұраныс болмаса пайдалану мерзімі ұзартылуы немесе басылым бір ғана данада болса немесе жоғары сұраныспен пайдаланылатын болса пайдалану мерзімі қысқаруы мүмкін;
7) Алған басылымның әрбір данасы үшін оқырман кітап формулярына қол қояды. Кітапты қайтарған кезде оқырманның қолын кітапханашы өз қолымен өшіреді.

• мамандандырылған **оқу залдары:**

- ***экономикалық әдебиеттерді*** оқу залы

- ***заң және гуманитарлық әдебиеттерді*** оқу залы
- ***мерзімді басылымдарды*** оқу залы

Оқу залында кітаптар беру транскрипт бойынша жүргізіледі.

Берілетін әдебиеттер саны 5 дана.

Оқу залынан әдебиетті сыртқа алып шығуға тыйым салынады. Осы ережені бұзған жағдайда оқырман ережені бұзу дәрежесіне қатысты кітапхана әкімшілігі белгілеген мерзімге кітапхананы пайдалану құқығынан айрылады.

Сіз кітаптарды және мерзімді басылымдарды пайдаланғанда оларға жанашырлықпен қарауыңыз тиіс. Сіз басылымды алған бетте оның қандай жағдайда екенін тексеріп, ақаулары болса, ол туралы кітапханашыны ескертуіңіз қажет. Басылымды соңғы пайдаланған оқырман жауапкершілікте болады.

Кітапты жоғалтқан немесе бұлдірген оқырман, сол басылымның орнына жаңа данасын немесе кітапхана шешімі бойынша құндылығы сол кітаппен тең санаған әдебиетпен алмастыруға міндетті.



- **библиографиялық секторда** Сізге әдебиет таңдауға көмек көрсетеді, анықтамалық және нормативтік әдебиеттер береді.
- **мәдени-эстетикалық және шығармашылықты дамыту орталығы.**
- **мультимедиялық технологиялар орталығы**. Мультимедиялық технологиялар орталығы компьютерлермен, телевизорлармен, магнитофондармен (аудио-бейне), басты телефондармен, сканерлермен, принтерлермен жабдықталған. Пайдаланушыларға мынадай қызметтер көрсетіледі:

1. Электронды каталог (ЭК) 1990 жылдан экономика және құқық жөніндегі әдебиеттерді, 1999 жылдан бергі басқа білім салалары бойынша әдебиеттерді библиографиялық сипаттау арқылы кітапхана қорын көрсетеді және жаңа түскен әдебиеттермен (кітаптар, мерзімді басылымдардан, мақалалар) толықтырылып отырады.
2. Оқу материалдары бар аудио- және бейне кассеталар (профессор-оқытушылар құрамының лекциялары); электронды ақпарат көздеріндегі оқулықтар және оқу құралдары (компакт-дискілер, CD ROM) – жеке дискеттерде материалдарды қарау және жазу, бейне және аудиокассеталар.
3. Спутниктік теледидар арқылы оқытушы бағдарламаларға мүмкіндік алу.
4. Құжаттарды сканерлеу және мәтіндерді басып шығару.
5. Интернет желісінде жұмыс жасау.
6. EBSCO мәліметтер базасын пайдалану – маңызды және сенімді ақпараттар алу. Осы жобаны жүзеге асыру, электрондық форматтағы әлемдік ғылыми, экономикалық, қоғамдық – саяси және ақпараттық мерзімді басылымдардың аса үлкен санын алу мүмкіндігін береді (барлығы 5 мың басылымнан асады).

Мәліметтер базасы ағылшын, неміс және француз тілдерінде. Сондай – ақ , орыс тіліндегі саяси, коммерциялық, заң, ғылыми және мекен-жай анықтамалық ақпараттарды қамтитын (27 миллион құжаттан аса) «Ресей мерзімді басылымдары» мәліметтер базасын пайдалану мүмкіндігі берілген.



Сіз біздің кітапханадан ғана экономика, тұтыну кооперациясы, саяси экономия жайлы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы кітаптар коллекцияларымен таныса аласыз.

7. «Заң» мәліметтер базасы – ҚР әділет Министрлігінде тіркелген ҚР жоғары заң шығарушы және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерінің электронды жинағы. «Заң» мәліметтер базасы күн сайын электронды пошта бойынша жаңартылып отырады.

8. Кітапхананы университеттің ішкі желісіне қосу.

9. Электронды каталогты («кітаптар», «мақалалар», «диссертациялар мен авторефераттар», «сирек кітаптар») пайдалану. Авторы, тақырыбы, негізгі сөздер, бастапқы деректер, баспа, шыққан жылы т.б. бойынша материалдар іріктеу.

10.«Университет оқытушыларының еңбектері», «Кооперация» толық мәтінді мәліметтер базасын пайдалану.

- **<u>Ақпараттық білім беру орталығы</u>** университет өкілдерімен бейне конференцияларды қамтамасыз етеді; алыстағы пайдаланушыларға виртуалды анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету.
- Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру (реферат жазу, эссе, тақырыпқа библиография құру, тәжірибелік, лабораториялық, курстық жұмыстарды,дипломдық жоба т.б.) мақсатында колледждің 1,2,3,4 курс студенттеріне Қазтұтынуодағы ҚарУ кітапханасы өз дереккөздеріне http://lib.keu.kz/jirbis2/index.php?lang=ru рұхсат береді және студент кітапхана қорында бар кітаптарға lib@keu.kz. электронды почта арқылы тапсырыс берсе, 2 күн ішінде жеткізіп беретіні айтылды.
- Студент IPR BOOKS жүйесі арқылы электронды-кітапхананы пайдалана алады. Тіркелу үшін lib@keu.kz. электронды почтаға тапсырыс беру керек. (IPR BOOKS жүйесіне кіргенде Қазтұтынуодағы ҚарУ кітапхана қызметкері берген логин мен пароль қолданылады).

<u>Кітапхананың жұмыс тәртібі :</u>

Кітапхана демалыссыз жұмыс істейді, күн сайын 9.00-ден 19.00-ге дейін;
Сенбіде 9.00-ден 18.00-ге дейін,
Жексенбіде 10.00 –ден 14.00-ге дейін жұмыс істейді.



УНИВЕРСИТЕТТІҢ СПОРТ СЕКЦИЯЛАРЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІ ЖӘНЕ ЭБҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ФРАКЦИЯЛАРЫ

Каб.№	Спорт түрлері
Университет ғимаратындағы спорт залы	Баскетбол (юноши)
	Баскетбол (девушки)
	Волейбол
	Мини-футбол
	Жеңіл атлетика
	Үстел теннисі
	Шашки
	Шахматы

Каб.№	Фракциялар
314а колледж	Құқық және тәртіп фракциясы "Саналы ұрпақ" клубы
314а колледж	Ақпарат фракциясы (баспасөз қызметі) "#kebpkeuk"блогерлер клубы
314а колледж	Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
314а колледж	Қамқорлық фракциясы "Жақсылық жаса" еріктілер клубы
314а колледж	Мәдениет және өнер фракциясы «Needlework» шығармашылық клубы «S.C.C.» көңілділер мен тапқырлар клубы Қазіргі заманғы би клубы «Swans dance»
314а колледж	Пікірсайыс қозғалысының фракциясы "Brain KEBP" дебат клубы
314а колледж	Экология және еңбек фракциясы Жас кәсіпкер клубы «PROGRESS»
314а колледж	Қолдау фракциясы «Fan KEBP»

Колледждің шығармашылық бірлестіктерінің жұмыс істеуі және оларға Сіздің қатысуыңыз мәселелері бойынша

колледждің үйлестірушісіне жүгінуіңізге болады (2-ғимарат, 313 кабинет).

«Жігер» студенттік Парламентінің үйлестірушісі – тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары

Николаева Карина Александровна


314а кабинет

«Жігер» президенті – МКрп-22 тобының 2-курс студенті Цикунова Ксения.

Байланыс телефоны: +7 708 143 0386314а кабинет









Колледж бүгінде болашақты қалыптастырады!

Сіздің тәлімгеріңіз – топ Жетекшілері

2025-2026 оқу жылына арналған топ жетекшілерінің Кеңесі:

№ каб	Аты жөні	Лауазымы
303	Муканова Жадыра Нарымбековна	- топ басшылары Кеңесінің төрағасы
308	Комарзина Нурбану Болатқызы	- 1 курс бойынша жауапты оқытушы
322	Туранова Карина Куандыковна	- 2 курс бойынша жауапты оқытушы
201	Шульц Кристина Игоревна	-3 курс бойынша жауапты оқытушы

Топ жетекшісі қазіргі заманғы нарықтық қатынастар жағдайында жұмыс істеуге мамандарды даярлау, тәрбиелеу және оқыту саласында мемлекеттік саясаттың белсенді маманы болып табылады.

Топ жетекшісінің қызмет бағыты:

- Студенттерге жоғары моральдық қасиеттерді, мақтаныш сезімін, отансүйгіштікке және өз Отанын ардақтау, Қазақстан Республикасының ұлттық рәміздері мен тілдерін құрметтеуге үйрету;
- Еңбек пен өмірдің эстетикасы, халықтық салт- дәстүрлерді құрметтеуді, табиғаттың сұлулығын және байлығын түсінуге және бағалауға қабілетті, жоғары көркемдік талғамда студенттердің дамуына ықпал ету;
- колледж студенттері контингентін сақтап қалу үшін тиімді әрекеттер жасау;
- топ студенттерін біріктіру мақсатында достық, ынтымақтастыққа баулитын жұмыстар жүргізу.

Топ жетекшісі келесі функцияларды орындайды:

- ✓ топтың жекн жиналысы мен, негізігі қоғамдық шараларын ұйымдастыру және оларға қатысу;
- ✓ топ старостасын сайлауға және тағайындауға қатысу;
- ✓ студенттердің сабақ үлгерімдері мен тәртіптерін бақылау, қажетті көмек көрсетуді уақытылы қамтамасыз ету,
- ✓ топқа сабақ беретін оқытушылармен тығыз қарым-қатынаста болу;
- ✓ әрбір студентпен жеке бағыт беру жұмыстарын жүргізу;

- ✓ студенттік белсенді топтармен қарым-қатынас жасау;
- ✓ студенттің өзін-өзі басқаруын дамыту;
- ✓ студенттермен ізгі қарым-қатынаста болу;
- ✓ студенттермен, ата-аналармен (заңды өкілдерімен) оқу үдерісін ұйымдастыру және колледждің оқу-тәрбие жұмыстарына өзгерістер енгізу туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Оқу нәтижелерінің жетістіктерін бағалау

Оқу нәтижелерінің жетістіктерін бағалау әр түрлі бақылау түрлерімен жүргізіледі: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау.

Бақылау жұмыстары, сынақтар және курстық жобалар (жұмыстар) пәнді және/немесе модульді оқытуға бөлінген оқу уақыты есебінен, емтихандар - аралық және/немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау емтихандар мен сынақтар өткізуді көздейді.

Біліктілік емтихандары әрбір біліктілік бойынша практикалық жұмыс немесе демонстрациялық емтихан оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында және оқу орталықтарында және/немесе кәсіпорындардың өндірістік алаңдарында өткізіледі.

Балдық-рейтингтік әріптік жүйесі:

– оқытушыға оқу жетістіктерінің әр деңгейіндегі білім алушылар санатын объективті бағалауға және сенімді түрде саралауға мүмкіндік береді;

–жаңа шешімдер іздеуге және ғылыми-шығармашылық белсенділікті (креативті құзыреттілікті) дамыта отырып, оқу және оқудан тыс уақытта білім алушылардың жүйелі түрде өзіндік белсенді қажеттілігін ынталандырады;

–оқу мен жеке жетістіктерін өзіндік бағалау рефлексияға әсер етеді. Рефлексия мінез-құлықты және өзін-өзі дамытуды реттеудің негізгі факторына айналады және білім алушының болашақтағы жетістіктерін алдын-ала анықтайды.

Білім жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық тәжірибеде қабылданған және білім алушылардың рейтингін орнатуға мүмкіндік беретін әріптік жүйеге сәйкес келетін балдық білім деңгейінің жүйесі.

Бақылаудың барлық түрлеріндегі білім алушылардың білім жетістіктері тікелей пропорционалды қатынасқа ие балдық-рейтингтік әріптік жүйесінің бағалауымен анықталады *(1-кесте)*.

1-кесте. Дәстүрлі бағалау шкаласына ауыса отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі

Бағалаудың әріптік жүйесі	**Сандық эквивалент**	**Ұпайлардыңмазмұнды пайызы**	**Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау**
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	

B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,00	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	
F	0,00	0-49	Қанағаттанарлықсыз

1) «Өте жақсы» бағаға сәйкес келеді:

– 4,0 сандық эквиваленті және 95-100% пайызы бар **А бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын шығармашылық тұрғыдан түсінуді және өз бетінше практикалық қолдануды, құбылыстар мен процестердің мәнін тереңірек түсіну үшін қосымша көздерді қолдануды, материалдың танымдық құрылымын көруді, құрылымның жетіспейтін элементтерін анықтауды, оларды толықтыруды көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырманы орындаудағы nәуелсіздік пен шығармашылық көзқарастың жоғары деңгейі. Проблемалық аймақтар мен тәуекел аймақтарын анықтау. Проблемалық жағдайларды шешу үшін алған білімдерін креативті пайдалану;

– 3,67 сандық эквиваленті және 90-94% пайызы бар **А- бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын шығармашылық тұрғыдан түсінуді және өз бетінше практикалық қолдануды, құбылыстар мен процестердің мәнін тереңірек түсіну үшін қосымша көздерді қолдануды, материалдың танымдық құрылымын көруді, құрылымның жетіспейтін элементтерін анықтауды, оларды толықтыруды көрсеткен жағдайда қойылады. Проблемалық аймақтар мен тәуекел аймақтарын анықтау. Проблемалық жағдайларды шешу үшін алған білімдерін шығармашылық қолдану. Іс-әрекеттің өзін-өзі бағалауы, жұмыстағы қателіктер мен олардың пайда болу себептерін талдау, оларды өз бетінше түзету және өз дағдыларын жетілдіру бойынша іс-әрекеттерді жоспарлау.

2) «Жақсы» бағаға сәйкес келеді:

– 3,33 сандық эквиваленті және 85-89% пайызы бар **В + бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын игеруді және оны практикалық қолдануды көрсеткен жағдайда қойылады. Жаңасын құру мақсатында элементтерді дербес біріктіру. Әр түрлі жағдайларда әр түрлі деңгейдегі оқу материалдарымен еркін жұмыс істеу. Тапсырманы орындау кезінде тәуелсіздік пен шығармашылық көзқарастың жеткілікті деңгейі. Іс-әрекеттерде елеусіз қателіктерге жол беру және оларды оқытушының ұсынысы бойынша түзете білу;

– 3,0 сандық эквиваленті және 80-84% пайызы бар **В бағасы.** Бұл баға білім алушы оқу материалын меңгеруді және еркін жұмыс істеуді және оны стандартты және стандартты емес жағдайларда практикалық қолдануды көрсеткен жағдайда

